



010000, Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі 33/1
Тел.: 8(7172) 50-18-55
e-mail: shl_ast66@mail.ru

010000, город Астана, улица Д.Кунаева 33/1
Тел.: 8(7172) 50-18-55
e-mail: shl_ast66@mail.ru

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 02 » 09 2024 ж. № 407

2024-2025 оқу жылында жекеленген санаттың балаларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес мектепте сапалы азық-түлік ассортименттерін қолдану және тағамды әзірлеу технологиясын қадағалау, жеткізілген азық-түліктің сапасын қадағалау, оның сақталуын, тамақты тамақты тарату мен дайындау кезінде ережелердің сақталуын қадағалау мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылында мектептерде оқушыларды 1 реттік ыстық тамақпен қамту жұмыстары ұйымдастырылсын.
2. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделсін.
3. Комиссия мүшелеріне оқушылардың күнделікті талапқа сай сапалы тамақ өнімдерімен қамтамасыз етілуін қадағалау жауапкершілігі жүктелсін.
4. Күнделікті бекітілген ас мәзірінің дәмін, сапасын тексеру, мөлшерін қағалау, буфеттегі тағамдар, сусындардың талапқа сай болуы және асхана қызметінің санитарлық эпидемиологиялық талапқа сай болуын қадағалау жауапкершілігі мектеп медбикесі А. Байболова мен А. Куанға міндеттелсін.
5. Асханадағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітіліп, тамақтану кестесі талапқа сай құрылсын.

6. Тегін тамақтанатын оқушының бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін ұйымдастыру әлеуметтік педагог Ж. Амираеваға міндеттелсін.
(оқушылар тізімі, қосымша 2-бет)

7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын

Директор



Н. Омарова

Бұйрықпен таныстым:

1. Матаева Ж.М. 

2. Төребай С.Д. 


3. Нуртазина Б.К. 

4. Байболова А.К. 

5. Куан А.Т. 

6. Аубакирова Г.С. 

7. Амираева Ж.Б. 

8. Жумабаева Г.Ж. 

9. Манакбаева Г.Д. 